



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р.Т. Емелбаев

2023 ж.

**«Театр тарихы» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған  
тест спецификациясы  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «02150500 – Актерлік өнер», 4S02150501-Драма театрының әртісі, 4S02150502-Музыка театрының әртісі, 4S02150503-Қуыршақ театрының әртісі, 4S02150504-Сөз сөйлеу жанрының әртісі, 4S02150505-Эстрада жанрының әртісі біліктіліктеріне арналған «Театр тарихы» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Антикалық театр.  Орта ғасыр театры және қайта өрлеу дәуірі.	01	Ежелгі грек театры.Эсхил, Софокл, Еврипид трагикалары. Комедияның атасы Аристофан. Элинизм кезеңі.
		02	Көне Рим театры
		03	Орта ғасыр театры.
		04	Қайта өрлеу дәуіріндегі Италия және Испания театры
		05	Қайта өрлеу дәуіріндегі Ағылшын театры. У. Шекспир
02	XVII – XVIII ғ.ғ Европа театры.	06	Классицизм дәуіріндегі Франция театры Ағартушылық дәуіріндегі ағылшын театры
		07	Ағартушылық дәуіріндегі француз театры. Ағартушылық дәуіріндегі Италия театры
		08	Ағартушылық дәуіріндегі Италия театры
		09	Ағартушылық дәуіріндегі неміс театры
03	XIX - XX ғ театр.	10	XIX ғасыр. Француз және ағылшын театры
		11	Франция театры XX ғасыр.
		12	Скандинавия театры
04	Орыс драма театры XVIII – XIX ғ.ғ.	13	Скоморохтар. Халық театры. XVII ғ. - XVIII ғ. басы. Сарай театры. Мектеп театры
05	Қазақ театрының тарихы мен	14	Халық ауыз әдебиеті – сахна өнерінің негізі. Отан соғысы кезіндегі қазақ театры (1941-1945)

	құрылуы		
06	Қазақ театр өнерінің даму кезеңі	15	Уақыт талабына сай театр сахнасы Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ театры. Режиссерлер, актерлер, драматургтер
<b>Мәтінмәндік тапсырмалар</b> (мәтін, кесте, графика, статикалық деректер, сурет және т.б.)			

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

**Антикалық театр. Орта ғасыр театры және қайта өрлеу дәуірі:** Грецияның классикалық театры (біздің дәуірге дейінгі V – IV ғасыр). Ертедегі гректердің драматургиялық жанрының пайда болу жолдары. Жанрлар: трагедия, комедия, сатирик драма. Грек мифологиясының көне грек театр өнерінің дамуына тигізген әсері. Ежелгі грек театр өнерінің шарықтау шегі ұлы трагиктер – Эсхил, Софокл, Еврипид, комедиограф Аристофан шығармалары. Эллинизм дәуірінің театры. Жаңа антикалық комедия жанрының пайда болуы. Драматург Менандр. Рим театрының пайда болуы, құрылысы. Тогата, мим жанры. Ателлана және комедия. Пантомим және Пирриха. Рим актерлерінің костюмы. Римнің атақты комедиографы Плавт. Теренций. Сенека. Орта ғасыр театры. Еуропалық орта ғасыр театры дамуының логикалық бастапқы тармағы. Даму тенденциясы – діни көзқарас. Орта ғасыр жанрлары: миракль, мистерия, моралите, фарс. Фарстың туындау ерекшелігі. Ренессанс комедиясының қалыптасуы.

**XVII – XVIII ғ.ғ. Европа театры:** Қайта өрлеу дәуіріндегі Испания, Италия, Англия дәуірі. Еуропалық театр мен бұрын болған театр жанрларының байланысы. Ренессанстың даму процесі. Адами білімдарлық театрымен дель арте комедиясы. Ұлттық драматургияның қалыптасуы. Трагедия мен пастораль жанрының дамуы. «Оку комедиясының» пайда болуы, өзіндік ерекшелігі, жанр өзгешеліктері. Дель арте комедиясының классификациясы. Испан гуманистік мәдениетінің қалыптасу процесі. XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың бас кезіндегі мектебі. Сервантес. Лопе де Вега. Тирсо де Молина. Кальдерон шығармалары. XVI ғасыр Ағылшын театры. Хроника, трагедия, комедия жанрларының процесін талдау. Шекспир және сол кездегі Ағылшын театры.

**XIX - XX ғ. театр:** Классицизм және Ағартушылық дәуір. Классицизмнің өнертану стиліндегі алатын орны. Н.Буалонның «Поэтикалық өнері» П.Корнель «Сид», «Гораций». Расин Ж. «Андромаха», «Федра» трагдиялары. Француз театрындағы классицизм. Мольер және комедиялық театр. Мольердің труппасы. Ағылшын ағартушылық драматургиясы жанрларының синтентальді дидактикалық комедия, «мещандық драма», «балладалық опера», «пьеса - репетиция» т.с. қалыптасу процесі. Француз ағартушылығының сатылы жолдары. Дидро. Бомарше трилогиясы. Ағартушылық дәуіріндегі Италия театры. Гольдони және дель арте комедияларының дәстүрі. Гольдони мен К.Гоцци екеуінің арасындағы идеялық шығармашылығы талас. К.Гоцци фьялары. Ағартушылық дәуіріндегі неміс театры. Шиллер, Т.Э.Лессингтің драматургиясы, эстетикалық көзқарасы. Шығармашылық кезеңдері. ХУІІІ ғасырдағы Германияның актерлік өнері.

**XVIII – XIX ғ.ғ. Орыс драма театры:** Халық ойындары. Фольклор. Скоморохтар. Қуыршақ кейіпкері Петрушка. Борис Годунов (1595 – 1605) пен Василий Шуйский (1606 – 1610) билік еткен XVI – XVII ғасырлардағы сарайдағы «сарай күлдіргіштері» театры. Сарайлық театр. Артемон Сергеевич Матвеев Мәскеулік сарайлық театрдың ұйымдастырушысы.

**Мектептік театр.** XVII ғасырда орыста мектептік драма мен мектептік театрдың пайда болуы. «Күлдіргіштер үйі» деп аталатын бірінші мемлекеттік кәсіби театрдың құрылуы. І Петр сарайындағы қойылымдар. Көпшілік театрдың ашылуы. Орыс классицизмі кезеңіндегі драматургия. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы театр. Алғашқы актер Ф.Волков. Ярославльдегі драма театр. 1756 жылы Мәскеу Университет театры ұйымдастырылуы. 1980 ж Петров театры. Крепостнойлық театрлар.

**Қазақ театрының тарихы мен құрылуы:** Қазақ театрының алғашқы қалыптасу жолдары. Театр өнерінің ұлттық салт-дәстүрлері, ойындар, айтыстар, шешендік және жыршылық өнер. Қазақ

халқының көне әдеби мұрасы. Драмалық элементтер. «Дала театрының» артистері. Қазақ театрының пайда болу көздері. Ұлттық дәстүрлердің өнерге ықпалы. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ театр өнерінің тууына орыс мәдениеті. Орынбор, Омбы, Ресеймен іргелес отырған Орал сияқты қалаларда театрлардың ашылуы. Омбыдағы 1765 жылғы ашылған қалалық театр. Қазақ жерінде өнер көрсеткен ресейлік өнерпаздар. Татар труппалары. Әуесқой жастардың атқарған мәдени іс-шаралары. 1920 жылдардағы қазақ драматургиясы мен театрының дамуы. Драматургтер М.Әуезовтің, Қ.Кемеңгеров, Б.Майлин, Ж.Тілепбергенов, Р.Малабаев, С.Сейфуллин пьесалары.

**Тәуелсіздік жылдардан кейінгі қазақ театры:** Облыстық қазақ театрларының ашылуы. Жас режиссерлер, актерлер. Тарихи қойылымдар. Театр фестивальдері. Режиссер Ә.Мәмбетов. Бүгінгі заманауи театр үрдісі. Сахна мектебінің жаңа эксперименттік бағыты. Театр фестивальдері, өзекті мәселелер, заманауи театрдың жаңашылдығы, мақсаты. Драматургия жанрлары.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1,5-2 минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бояджиев Г.Н. От Софокла до Брехта за сорок театральных вечеров. М., 1981.
2. Әлемдік өнертану. Үш томдық № 1-т.: Театр өнері. – Алматы: Өлке, 2008 ж. – 328 б.
3. Всеобщая история театра. – М.: Эксмо, 2012. – 576 с. :ил.
4. Нұрпейіс Б. Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915-2005): Монография. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 520 б.
5. История русского драматического театра: от его истоков до конца XX века: Учебник. 3-е изд., испр. – М.: Российский университет театрального искусства – ГИТИС, 2011. – 703 с.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті

(қолы)

(Т.А.Ә)

« \_\_\_\_\_ » 2023ж.

*Аңсау*

*А*

*А*

*А.А.А*  
*А.А.А*  
*А.А.А*